

ЕКІЖАҚТЫ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚАТЫСУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі төмендегідей екіжақты халықаралық келісімдер жасады:

- Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті құқығын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (**Москеу, 1994 жылғы 28 наурыздағы**);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (Алматы, 1997 жылғы 2 маусымдағы). Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы (Алматы, 1997 жылғы 11 қараша) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы №468 Қаулысына бекітілген хаттамамен өзгеріс енгізілді;

- **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Баку, 1998 жылғы 23 қазан)**. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы (Баку, 1998 жылғы 23 қазан), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 1037 және 2015 жылғы 19 қарашадағы № 923 Қаулыларына бекітілген хаттамамен енгізілген өзгерістерімен;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы авторлық құқық және нең сабақтас құқықтарды саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. (Астана, 1999 жылғы, 22 қазан).

- **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісім.** (Мәскеу, 2005 жылғы, 18 қаңтар);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы (Ташкент, 2006 жылғы 20 наурыз);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы (Баку, 2017 жыл 3 сәуір).

Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім мазмұны бойынша ұқсас ережелерді қамтиды. Бұл ережелердің негізгілері:

- тараптар Келісімге және өздері қатысушылары болып табылатын немесе алдағы уақытта болатын өзге де халықаралық шарттарға сәйкес өзара тиімділік пен теңдік негізінде өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады және дамытады;

- тараптардың ынтымақтастығы: өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға және пайдалануға байланысты мәселелерді реттеуге; қорғау құжаттарын беруге өтінімдер беру рәсімін өзара оңайлатуға; ақпаратпен, нормативтік және өзге де құжаттармен, сондай-ақ

өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы тәжірибемен және мамандармен алмасуға бағытталған;

- өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы келісімге сәйкес бір мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары екінші мемлекеттің аумағында қазіргі уақытта берілген немесе екінші тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында өзінің жеке және заңды тұлғаларына берілетін, сол құқықтық қорғау құралдарын сол негіздерде және сол көлемде пайдалана отырып, сол құқықтар мен артықшылықтарды пайдаланатын болады. Бұл ретте Келісіммен реттелмеген мәселелер бойынша тараптар Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының ережелерін қолданады;

- тараптар экономикалық, өнеркәсіптік, ғылыми және техникалық ынтымақтастық туралы дайындалып жатқан екіжақты келісімдерге өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауды қамтамасыз ету туралы ережелерді енгізу туралы міндеттеме қабылдайды;

- қорғау құжаттарын беруге өтінім берген, қорғау құжаттарын алған және оларды күшінде ұстаған кезде екі мемлекеттің патенттік сенім білдірілген өкілдері өзара түсіністік қағидаты негізінде тек ұлттық өтінім берушілердің мүдделерін білдіре отырып, осы мемлекеттердің патенттік ведомстволарымен тікелей іс жүргізе алады. Бір мемлекеттің ұлттық өтініш берушілеріне оның заңнамасында айқындалған тәртіппен, сондай-ақ өзара түсіністік қағидаты негізінде қорғау құжаттарын алу және оларды екінші мемлекеттің патенттік ведомствосымен тікелей күшінде ұстап тұру жөніндегі істерді жүргізу құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 ақпандағы № 235 Қаулысымен бекітілді.

Келісімге сәйкес әрбір тарап екінші тараптың жеке және заңды тұлғаларына және олардың құқықтық мирасқорларына тиесілі туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілеріне авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды олардың алғашқы жарияланған орнына қарамастан таниды және осы құқықтардың өзінің жеке және заңды тұлғалары үшін ішкі заңнама жасайтын негіздерде және құқықтық қорғау құралдарын бірдей негізде және бірдей көлемде пайдалану құқықтардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Тараптар Келісімге және өздері қатысушылары болып табылатын немесе болашақта болатын өзге де халықаралық шарттарға сәйкес өзара тиімділік пен теңдік негізінде ғылым, әдебиет және өнер туындыларына құқықтарды қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады және дамытады. Олар өз аумағында екінші тараптың азаматтары мен заңды тұлғалары жасаған ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалануды көтермелейді.

Тараптар 1952 жылғы 6 қыркүйектегі екінші тарап азаматтарының 1973 жылғы 27 мамырға дейін (бұрынғы КСРО-ның Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенцияға кірген күні) жасалған. Бірақ осы күнге дейін тараптардың аумағында немесе өзге де аумақта жарыққа шығарылмаған туындыларына немесе туындыларға арналған құқықтарына қатысты Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенцияны қолданады.

Алайда, егер мұндай туындылар келісім күшіне енгенге дейін екінші тараптың аумағында қорғалмайтын туындылар ретінде жарияланса, онда олар аталған аумақта және Келісім күшіне енгеннен кейін қорғалмайтын болып есептеледі.

Бұл ретте шығарылым ұғымы 1952 жылғы 6 қыркүйектегі Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенцияның VI-бабындағы мағынада түсіндіріледі.

[Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі № 704 Қаулысымен бекітілді.](#)

Келісімнің мақсаты тараптардың заңнамаларына сәйкес екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Тараптардың екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастығы барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастығы: екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын және/немесе алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауға байланысты мәселелерді келісу; жоғарыда көрсетілген салада құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; тараптар мемлекеттерінің заңнамалары шеңберінде зияткерлік меншікті пайдалану тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді тараптардың сұрау салулары бойынша ұсыну; зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғау мәселелері бойынша тәжірибе алмасу және зияткерлік меншік объектілерін сараптау рәсімдерін біріздендіру мүмкіндіктерін талқылау; тараптармен келісілген ынтымақтастықтың басқа да нысандарын іске асыру.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі № 849 Қаулысымен бекітілді.

Келісімге сәйкес тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес екі мемлекеттің де резидент субъектілерінің зияткерлік меншік құқықтарына қатысты тиімді шаралар қабылдайды. Зияткерлік меншік саласында бір мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары басқа мемлекеттің аумағында сол мемлекеттің өзінің жеке және заңды тұлғаларына қазіргі уақытта берілген немесе осы мемлекеттің заңнамасымен берілетін негіздерде және көлемде сол құқықтар мен артықшылықтарды, сондай-ақ оларды қорғау тәсілдерін пайдаланады. Тараптар мынадай салаларда ынтымақтастықты жүзеге асырады: 1) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мен пайдалануға байланысты мәселелерді үйлестіру; 2) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және осы бағытта даму стратегиясын әзірлеу жөнінде ақпарат алмасу; 3) зияткерлік меншікті қорғау саласында іс-шаралар өткізу тәжірибесімен алмасу; 4) оқу, әдістемелік және арнаулы әдебиеттермен алмасу; 5) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында кадрларды даярлау және олардың кәсіби біліктілігін арттыру; 6) халықаралық ынтымақтастық тәжірибесімен және Тараптардың зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және осы шарттарға байланысты міндеттемелерді орындау жөніндегі көпжақты халықаралық шарттарға қатысуы бойынша ақпарат алмасу; 7) ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың жай-күйі туралы ақпарат алмасу; 8) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша, сондай-ақ ынтымақтастықтың басқа да салаларында бірлескен семинарлар, конференциялар өткізу және көрмелер ұйымдастыру.

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 337 Қаулысымен бекітілді.

Тараптардың әрқайсысы екінші тарап мемлекетінің жеке және заңды тұлғаларына және олардың құқықтық мирасқорларына тиесілі авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне екінші тараптың авторлық құқығы мен сабақтас құқықтарын олардың алғашқы жарияланған жеріне қарамастан таниды.

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

Олар Келісімге және өздері қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттарға сәйкес өзара тиімділік пен теңдік негізінде ғылым, әдебиет және өнер туындыларына құқықтарды қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптардың әрқайсысы екінші тараптың авторларына, орындаушыларына, фонограмма жасаушыларына, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарына тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді.

Тараптардың ынтымақтастығы авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды қорғау мен пайдалануға байланысты мәселелерді реттеуге; ақпарат, нормативтік және өзге де құжаттар, сондай-ақ авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы жұмыс тәжірибесімен алмасуға бағытталған.

Тараптардың әрқайсысы авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану кезінде екінші тарап мемлекеті авторларының және өзге де құқық иеленушілерінің авторлық құқығы мен сабақтас құқықтарын бұзудың жолын кесу жөнінде шаралар қабылдайды. Өз мемлекетінің аумағында құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда әрбір тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасының талаптарына және тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тиісті шаралар қабылдайды.

Зияткерлік меншік құқығын жаһандық және өңірлік ауқымда біріздендіру жағдайында екіжақты шарттар ерекше рөл атқарады. Олар зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғау мәселелерін тиімді шеше отырып, құқық қолдану практикасының маңызды құралы болып табылады. Өйткені қатысушы мемлекеттердің ұлттық мүдделері мен басымдықтарын толық ескеруге, сондай-ақ олардың уәкілетті органдары мен институттарының өзара іс-қимылының оңайлатылған және мобильді тәртібін жолға қоюға мүмкіндік береді. Осыған байланысты екіжақты шарттардың базасын әріптестер бойынша да, ынтымақтастық бағыттары бойынша да кеңейту орынды.